



ABAI: Adamzattyń b́arın śıı baýyrym dep.

Аймақтық қоғамдық-саяси газет

Газет 1932 жылдың 1 мамырынан бастап шығады

BALQASH ONIRI

balqash_oniri_gazeti

balkhashoniry@mail.ru

№92 (13465), 24 ЖЕЛТОҚСАН, СӘРСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

Еркеназ БАҚТОРАЗ,
«BALQASH ONIRI»

✓БРИФИНГ

Вирустық инфекцияның 9342 жағдайы тіркелген



18 ЖЕЛТОҚСАН КҮНІ «КОУНРАД» ҚОРЫНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН АШЫЛҒАН «JAS SPACE» ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫНДА «ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ» ТАҚЫРЫБЫНДА БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНА АРНАЛҒАН БРИФИНГ ӨТТІ. КЕЗДЕСУДІ БАЛҚАШ ҚАЛАСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРЛЫҚ ДӘРІГЕРІ ЛЕНА БАТАНАЕВА АШЫП, ЖҮРГІЗДІ.

Брифинг барысында қаладағы жедел респираторлық вирустық инфекциялар бойынша қазіргі эпидемиологиялық ахуал, сондай-ақ жаңа жылдық мерекелер қарсаңында тамақтан уланудың алдын алу мәселелері кеңінен сөз болды.

Лена Құрманқызының айтуынша, Балқаш қаласында эпидемиологиялық маусым басталғалы, яғни 1 қазан мен 17 желтоқсан аралығында жедел респираторлық вирустық инфекцияның 9342 жағдайы тіркелген. Оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар арасында 4841 жағдай анықталып, бұл жалпы сырқаттанушылықтың 51,8 пайызын құрайды. Сонымен қатар зертханалық жолмен тұмаудың 3 жағдайы расталған. Аталған жағдайлардың барлығы – 14 жасқа дейінгі, тұмауға қарсы екпе

алмаған балалар арасында тіркелген. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда ЖРВИ-мен сырқаттанушылықтың 428,9 пайызға, яғни 4501 жағдайға артқаны байқалады. Ағымдағы жылы қала аумағында коронавирустық инфекцияның бір жағдайы тіркелген. Ал өткен жылдың осы кезеңінде COVID-19 дерегі мүлдем тіркелмеген. Бас мемлекеттік санитарлық дәрігер тұмаудың өте жұқпалы жедел вирустық ауру екенін атап өтті. Ауру ауа-тамшы жолымен тарайтындықтан, әсіресе балалар ұжымдарында тез өршиді дейді. Барлық жастағы адамдар тұмау вирусына сезімтал келеді. Кей жағдайларда бұл дерт эпидемия немесе тіпті пандемия сипатында өтуі мүмкін.

(Жалғасы 2-бетте)

ONIR-AQPARAT

2026 жыл – Халықаралық еріктілер жылы!

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚАРАРЫНА СӘЙКЕС 2026 ЖЫЛ — ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕРІКТІЛЕР ЖЫЛЫ ДЕП ЖАРИЯЛАНДЫ. ОСЫҒАН ОРАЙ ҚАЗАҚСТАНДА АУҚЫМДЫ ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ.

Аталған бастама Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысы негізінде жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысы бұл ұсынысты 2020 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 75-сессиясындағы жалпы саяси пікірталас барысында ресми түрде жариялаған болатын.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде волонтерлік қызметті дамытуға айрықша мән беріп келеді. Ол еріктілікті Өділетті Қазақстанды құру жолындағы маңызды қоғамдық бастамалардың бірі ретінде қарастырады.

Осы бастаманы ілгерілету мақсатында 2025 жылғы 12 мамырда Астанада Халықаралық еріктілер жылын өткізуге дайындық мәселелеріне арналған Ұлттық ұйымдастыру комитетінің алғашқы отырысы өтті.

Жиынға Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, БҰҰ Еріктілер бағдарламасының атқарушы үйлестірушісі Тойлы Құрбанов, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және волонтерлік бірлестіктердің өкілдері қатысты.

Кездесу барысында Ұлттық ұйымдастыру комитетінің алдына қойылған мақсат-міндеттер мен жоспарлар талқыланды. Сонымен қатар еріктілік арқылы тұрақты дамудың жаһандық мақсаттарына қол жеткізудегі үлесті арттыру жолдары қарастырылып, жаңа ұсыныстар мен бастамалар ортаға салынды.

2026 жылы өтетін Халықаралық еріктілер жылы аясындағы іс-шаралар еліміздегі волонтерлер қозғалысына тың серпін беріп, бұл бастаманың ұлттық, өңірлік және жаһандық деңгейде дамуына мүмкіндік тудырады. Сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты нығайтып, волонтерліктің болашағына бағытталған басты даму басымдықтарын айқындауға жол ашады.

BALQASH ONIRI

2026 ЖЫЛҒЫ I ЖАРТЫЖЫЛДЫҚҚА ЖАЗЫЛЫҢЫЗ



Байланыс телефоны: 6-04-89, 4-25-64, 87024031303
(Kaspi GOLD), мекенжайымыз: Ағыбай батыр көшесі, №9 үй.

Жеке тұлғалар үшін - 2500 тг.
Заңды тұлғалар үшін - 3000 тг.
Зейнеткерлер үшін - 2000 тг.

Ескерту: Kaspi GOLD арқылы жазылған абоненттің аты-жөні мен мекенжайы көрсетіліп, төлемнің скрин нұсқасын жіберу керек.

balkhashoniry@mail.ru